

## **СӨЖ №6.**

**Тақырып:** Жыраулар туындыларындағы бейнелеуіш құралдардың қолданылуы

**Мақсаты:** Жыраулар туындыларындағы бейнелеуіш құралдарды таныстыру

**Сұрақтары:**

1. Жыраулар туындыларындағы бейнелеуіш құралдар
2. Жыраулар мен ақындар туындыларында дыбыс үндестігі,
3. Толғаулардағы троп пен фигура және олардың түрлерінің қолданылуы, орны

**Тапсырма:**

«Жыраулар туындыларындағы бейнелеуіш құралдар» баяндама жазу.

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:** Өздік жұмыстарын орындауда жасалған баяндамалар дәріс материалдарына толықтыра түсуге және студенттердің оқу және ғылыми материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Баяндама дайындаудың кезеңдері:

1. Берілген тақырыпқа қатысты маңызды ғылыми еңбектерді оқу;
2. Оқыған материалға талдау жасау, тақырыпты барынша айқындайтын зерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын, фактілерді және ғылыми жағдайларды бөліп көрсету;
3. Баяндама материалдарын логикалық жағынан дұрыс құру және талдап қорыту, мысалы, кеңінен ашып көрсетілген жоспар ретінде;
4. Баяндама мәтінін ғылыми еңбекке қойылатын талаптарды сақтай отырып жазу.

Баяндаманың құрылымы басқа ғылыми еңбектердегі сияқты үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе бөлімде баяндама тақырыбы, басқа мәселелермен байланысы, бұл тақырыптың қарастырылуы, негізгі дереккөздер беріледі. Негізгі бөлімі логикалық жағынан нақты құрылуы керек. Мәліметтер өзара байланысты, дәлелді әрі нақты болуы керек. Негізгі мәтінде айтылған ой қайталана бермеуі тиіс. Қорытынды бөлімде тақырып төңірегінде тұжырымдар жасалып, негізгі мәселелер нақтыланады.

Баяндама келесідей тармақтардан тұрады: 1. Титулдық бет. 2. Жоспар. 3. Кіріспе (тақырыптың негізі, мәселенің өзектілігі). 4. Негізгі бөлім. 5. Практикалық шешімдер (мәселені жою үшін қандай шаралар қабылданды). Жасалған жұмысты бағалау. 6. Болашақ дамуды жоспарлау, проблемаларды шешу жолдары. 7. Қорытынды. 8. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

Баяндама дайындауға қойылатын талаптар: Баяндама толық 4 бетке дейін, Word 6.0, 7.0 редакторында, А4 форматты парақта дайындалып берілуі тиіс, қолданылатын шрифт – Times New Roman, Kz Times New Roman. Интервал – 1. Парақтың барлық жағынан 25 мм алаң қалдырылуы тиіс.

**Есеп беру түрі:** Баяндама жасау. Қол жеткізген нәтижесін бағалау.

**Студенттің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі:** 14 апта

Жоғарғы ұпай – 4